

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының сот жүйесінің тәуелсіздігін күшейту жөніндегі шаралар туралы" Жарлығын іске асыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 21 қараша N 1744

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының сот жүйесінің тәуелсіздігін күшейту жөніндегі шаралар туралы" 2000 жылғы 1 қыркүйектегі N 440 U000440_ Жарлығы 3-тармағының 2) тармақшасын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Ақмола облысы орталығының қоныс аударуына байланысты босайтын ғимараттар мен қызметтік үй-жайларды бөлу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 17 маусымдағы N 796 P990796_ қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

Ақмола облысы орталығының қоныс аударуына байланысты босайтын

ғимараттар мен қызметтік үй-жайлардың және оларға орналастырылатын мемлекеттік органдардың тізбесінде:

реттік нөмірі 23-жолдың 4-бағанында "Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитет" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері жергілікті жерлерде сот әкімшілерін орналастыру үшін жетіспеген үй-жайларды бөлуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.
Икебаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК